

Сырымбек М.  \*

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан

## Қазақстан экономикасында агросекторды мемлекеттік қолдауды қолдану

**АҢДАТПА.** Ауыл шаруашылығы өндіріс процесінде де, сервистік инфрақұрылымда да жаңа технологияларды қолданудың жоғары үлесі есебінен әлемдік экономикада айтарлықтай өсуді қамтамасыз ететін көптеген елдер экономикасының негізгі саласы болып табылатыны сөзсіз. Ауыл шаруашылығы өндірісінің үдерісін белсенді дамыту және технологиялық жаңғырту осы салада жаңа цифрлық технологияларды қолдануды қажет етеді.

Аграрлық сектордың тұрақты жұмыс істеуі экономикалық өсудің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы өзінің қызметін сыртқы немесе ішкі тұрақты қаржыландыруды үнемі қажет етеді, өйткені ұдайы жұмыс істейтін өндірістік циклдің азғантай бұзылуы ұзаққа созылатын, төмен рентабельді немесе тіпті рентабельді емес жағдайға әкелуі мүмкін. Ауыл шаруашылығы өте қауіпті екені белгілі, сондықтан мемлекет тарапынан бұл тәуекел дәрежесін төмендету туралы шешім қабылдауы керек. Осыған байланысты бұл мақалада Қазақстандағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау және оның нәтижелерінің тиімділігі қарастырылған. Зерттеуді жүргізу үшін міндеттерді шешудің әдістемелік құралы ретінде деректерді таңдаудың жүйелі тәсілі, шындықты сандық және сапалық зерттеу әдістері, экономикалық, статистикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылады.

Қазақстандағы мемлекеттік қолдаудың, әсіресе қаржылық қолдаудың төмен деңгейі оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыруға елеулі кедергі болып отырғанын айта кеткен жөн. Аграрлық сектордың қазіргі жағдайы мемлекеттік реттеу механизмінің негізінен жерді, материалдық-техникалық, қаржылық, еңбек және ақпараттық ресурстарды сақтауға және дамытуға бағытталғандығына әкеледі. Осының негізінде ел экономикасының аграрлық секторын тиімді реттеудің ғылыми негізделген мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі айқын.

**ТҮЙІН СӨЗДЕР:** аграрлық сектор, мемлекеттік бағдарламалар, аграрлық секторды қаржыландыру, ауыл шаруашылығы саласының проблемалары.

**МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ:** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АЛҒЫС:** Зерттеуге демеушілік қолдау көрсетілмеді (жеке ресурстар).

**ДӘЙЕКСӨЗ ҮШІН:** Сырымбек, М. (2026). Қазақстан экономикасында агросекторды мемлекеттік қолдауды қолдану. *Social Sciences & Digital Humanities*, 1(1), 25-39. [https://doi.org/10.51885/3107-2755\\_SSADH\\_2026\\_1\\_2](https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_1_2)

### Мақала тарихы:

Редакцияға түсті: 12.01.2026

Жариялау туралы шешім қабылданды: 09.02.2026

Жарияланды: 31.03.2026

---

\* Хат-хабаршы автор: Сырымбек Маржан, e-mail: [marjan\\_03@mail.ru](mailto:marjan_03@mail.ru)

## Применение в экономике Казахстана государственной поддержки аграрного сектора

**АННОТАЦИЯ.** Сельское хозяйство, несомненно, является ключевым сектором экономики многих стран, обеспечивающим значительный рост мировой экономики за счет высокой доли использования новых технологий как в производственном процессе, так и в сервисной инфраструктуре. Активное развитие и технологическая модернизация процесса сельскохозяйственного производства обуславливает необходимость использования новых цифровых технологий в этой отрасли.

Стабильное функционирование сельскохозяйственного сектора является одной из составляющих экономического роста. Сельское хозяйство постоянно нуждается в стабильном финансировании своей деятельности, то внешнего, то внутреннего, ведь малейший сбой в постоянно действующем производственном цикле может привести к затяжному, низкорентабельному, или даже убыточному состоянию. Известно, что сельское хозяйство является достаточно рискованным, именно поэтому решение проблем снижения степени этого риска должно принимать государство. В связи с этим в данной статье изучается государственная поддержка сельского хозяйства в Казахстане и эффективность ее результатов.

Для проведения исследований используется системный подход к отбору данных, методы количественного и качественного исследования действительности, методы экономического, статистического и сравнительного анализа как методологический инструмент решения задач.

Следует отметить, что низкий уровень государственной поддержки в Казахстане, особенно финансовой является серьезным препятствием для повышения его конкурентоспособности и эффективности. Современное состояние аграрного сектора приводит к тому, что механизм государственного регулирования в основном направлен на сохранение и развитие земельных, материально-технических, финансовых, трудовых и информационных ресурсов. На основании этого, очевидна необходимость разработки научно обоснованной государственной программы для эффективного регулирования аграрного сектора экономики страны.

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:** аграрный сектор, государственные программы, финансирование аграрного сектора, проблемы аграрной отрасли.

**КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ:** Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

**ФИНАНСИРОВАНИЕ И БЛАГОДАРНОСТИ:** Исследование не имело спонсорской поддержки (собственные ресурсы).

**ДЛЯ ЦИТИРОВАНИЯ:** Сырымбек, М. (2026). Применение в экономике Казахстана государственной поддержки аграрного сектора. *Social Sciences & Digital Humanities*, 1(1), 25-39. [https://doi.org/10.51885/3107-2755\\_SSADH\\_2026\\_1\\_2](https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_1_2)

## Application of state support for the agricultural sector in the economy of Kazakhstan

**ABSTRACT.** Agriculture is undoubtedly a key sector of the economy of many countries, providing significant growth of the world economy due to the high share of new technologies both in the production process and in the service infrastructure. Active development and technological modernization of the agricultural production process necessitates the use of new digital technologies in this industry.

Stable functioning of the agricultural sector is one of the components of economic growth. Agriculture constantly needs stable financing of its activities, either external or internal, because the slightest failure in the constantly operating production cycle can lead to a protracted, low-profit, or even unprofitable state. It is known that agriculture is quite risky, which is why the state should take the solution to the problems of reducing the degree of this risk. In this regard, this article examines state support for agriculture in Kazakhstan and the effectiveness of its results.

To conduct research, a systematic approach to data selection, methods of quantitative and qualitative research of reality, methods of economic, statistical and comparative analysis as a methodological tool for solving problems are used. It should be noted that the low level of state support in Kazakhstan, especially financial, is a serious obstacle to increasing its competitiveness and efficiency. The current state of the agricultural sector leads to the fact that the mechanism of state regulation is mainly aimed at preserving and developing land, material and technical, financial, labor and information resources. Based on this, the need to develop a scientifically sound state program for effective regulation of the agricultural sector of the country's economy is obvious.

**KEYWORDS:** agricultural sector, state programs, financing of the agricultural sector, problems of the agricultural industry.

**CONFLICT OF INTEREST:** The author declares that there is no conflict of interest.

**ACKNOWLEDGEMENTS AND FUNDING:** The study had no sponsorship support (own resources).

**FOR CITATION:** Syrymbek, M. (2026). Application of state support for the agricultural sector in the economy of Kazakhstan. *Social Sciences & Digital Humanities*, 1(1), 25-39. <https://doi.org/10.51885/3107-2755> SSADH 2026 1 2

---

\* Corresponding author: Syrymbek Marzhan, e-mail: [marjan\\_03@mail.ru](mailto:marjan_03@mail.ru)

## КІРІСПЕ

Қазіргі әлемде аграрлық сектор көптеген елдер, соның ішінде Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды тірегі болып табылады. Климаттың өзгеруі, халықтың өсуі және нарықтардың тұрақсыздығы сияқты өзгермелі жаһандық жағдайлар мен сын-қатерлер жағдайында мемлекеттік қолдау агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторына айналууда. Зерттеудің мақсаты ел экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасындағы экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік қаржыландырудың деңгейі мен сапасын зерделеу болып табылады. Осыған байланысты мақалада экономиканың аграрлық секторын қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, ақшалай қаражаттың, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен түсетін қаражат көздері бойынша аграрлық секторды қаржыландыру, елдегі ауыл шаруашылығына инвестициялар және басқа елдермен салыстыру, елдің ауыл шаруашылығының тиімділігі сарапталады.

Аграрлық секторды қаржылық қолдау Қазақстан Үкіметі қабылдайтын мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобаларға негізделген (Omarkhanova et al., 2022). Егер мемлекет ауыл шаруашылығы техникалары паркін дамытуға және жаңғыртуға, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласындағы технологияларды жақсартуға жеткілікті қаржы бөлсе, бұл отандық және әлемдік нарықтардағы бәсекелестік артықшылықтарды арттыруға және қолдауға әсер ететіні сөзсіз.

*Әдебиеттерге шолу.* Зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу Қазақстандық және шетелдік зерттеушілер арасында өте аз ғылыми жарияланымдарды көрсетті. Автор Беспалый С.В. (2020) мақаласында Ресей мен Қазақстандағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың салыстырмалы сипаттамасы жасалады және олар айтарлықтай өзгешелігі келтіріледі. Екі елдің аграрлық секторы үшін бірыңғай әкімшілік тетікті әзірлеу және енгізу ұсынылады, бұл автордың пікірінше, оны дамытудың бірқатар проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. А. К. Өтешованың (2019) және басқалардың мақаласында аграрлық секторды ел бюджетінен қаржыландыру туралы мәліметтер келтірілген, бірақ аграрлық нарық мәселелерін шешу бойынша баға саясатына басты назар аударылады. Біздің ойымызша, Қазақстанда аграрлық саланы тиімді мемлекеттік реттеу бойынша модель әлі толық жасалмағанын мәлімдеген авторлар М.А. Қасымбековамен және т. б. келісу керек, ол үшін әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерді ескере отырып, оны елге енгізу мақсатында шетелдік тәжірибені зерделеу ұсынылады. Аталған авторлар еңбегінде шетелдік елдердің (АҚШ, ЕО, Қытай) аграрлық саясаты мен мемлекеттік реттеу тәжірибесі сараланған. Авторлар тиімді мемлекеттік қолдаудың негізгі шарттары ретінде ұзақ мерзімді стратегияны, инновациялық технологияларды енгізуді және фермерлік шаруашылықтарды субсидиялауды атап өтеді. Қазақстан үшін бұл тәжірибелерді бейімдей отырып, ұлттық аграрлық саясатты жетілдірудің маңызы зор екені айтылған (Касимбекова, Баймагамбетова және Матайбаева, 2022).

Саладағы қаржыландыру тетіктері бойынша Абдулова Т. Г., Султанова З. Х. және Бегеева М. К. (2022) ауыл шаруашылық кәсіпорындарын банктік несиелеудің қазіргі жағдайы мен проблемаларын қарастырады. Олардың айтуынша, ауыл шаруашылығында несие алуға қатысты басты кедергілер – жоғары пайыздық мөлшерлемелер, кепілдік қамтамасыз етудің болмауы және ауылдық бизнестің тәуекел деңгейінің жоғары болуы. Бұл факторлар қаржылық институттар тарапынан агросекторға деген сенімсіздік туындататынын көрсетеді.

Агроөнеркәсіп кешенінің жалпы дамуындағы құрылымдық және институционалдық проблемалар туралы Курманова А. (2024) өз мақаласында нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Автор инфрақұрылымның әлсіздігі, ауылдағы білікті кадрлардың тапшылығы, цифрландыру деңгейінің төмендігі мен жер ресурстарының тиімсіз пайдалануын басты тежегіш факторлар ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, бюрократиялық кедергілер мен нормативтік базаның жиі өзгеруі де бизнес үшін сенімсіздік туындататыны атап өтіледі.

## **МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ**

Зерттеу жүргізу үрдісінде мақалада деректерді сандық және сапалық зерттеудің заманауи әдістері, әртүрлі шешімдер үшін әдіснамалық құралы ретінде экономикалық, статистикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасында ұсынылған материалдар құрады. Статистикалық деректер ауыл шаруашылығы министрлігінің, Ұлттық статистика бюросының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің, Дүниежүзілік Банктің, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы деректерінің есептерінен алынды.

## **НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ**

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы экономикасын дамытудың тұжырымдамалық негіздері бірегей климаттық жағдайларды, жер ресурстарының қолжетімділігін, сондай-ақ аграрлық сектордың ел экономикасы үшін стратегиялық маңыздылығын қоса алғанда, бірқатар факторлармен айқындалады. Қазақстан аграрлық бағдарланған мемлекет ретінде ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға бағытталған Агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын белсенді әзірлейді және іске асырады. Қазақстандағы аграрлық секторды қолдаудың негізгі мемлекеттік бағдарламаларын қарастырайық:

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021.10.12 № 732 қаулысымен бекітілген, қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қайта қолданысқа енгізіледі. Бұл ұлттық жоба жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру және ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту мақсатын көздейді. Бағдарлама сонымен қатар шағын және орта агроөнеркәсіптік кешендер мен ауылдық аумақтарды қолдауға бағытталған. Негізгі міндеттердің бірі ауыл шаруашылығына инвестициялар мен инновациялық технологияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30-шы желтоқсанында №960 қаулысымен агроөнеркәсіптік кешенді неғұрлым ұзақ мерзімді перспективада дамыту тұжырымдамасы бекітілді. Бұл тұжырымдама өндірісті жаңғыртуға, инновацияларды дамытуға және аграрлық сектордың экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған іс-шаралардың кең ауқымын қамтиды. Қазақстанның әлемдік нарықта ауыл шаруашылығы өнімдерін жетекші өндіруші және экспорттаушы ретінде қалыптасу стратегиясы негізге алынады.

3. Қазақстан Республикасының азық – түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022-2024 жылдарға арналған жоспары. Мемлекеттік саясаттың басым міндеттерінің бірі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылдың 31 наурызында № 178 қаулысымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіруді ұлғайтуға және елдің тамақ ресурстарына стратегиялық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған жоспар бекітілді.

4. Жас фермерлерді қолдау бағдарламасы. Ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі тетіктерінің бірі - жас фермерлерді қолдау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жаңадан бастаған аграршыларға қаржылық қолдау, оқыту және кеңес беруге бағытталған жас фермерлерді қолдау бағдарламасы енгізілді (2024 жылдың 19 сәуір бағдарлама басталды).


5. Органикалық ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламалары. Экологиялық таза өнімге деген қызығушылықтың артуын ескере отырып, Қазақстан Үкіметі органикалық ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды да белсенді қолдайды. Олар өндірістің экологиялық тұрақты әдістеріне көшуді ынталандыруға және ішкі және сыртқы нарықта органикалық өнімдерге сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

Қазақстандағы аграрлық секторды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының кемшіліктерінің бірі, ол бұл бағдарламалардың барлығын үкіметтің өзі бекітіп, орындап, бақылап, бағалап отыруы, бұл бүкіл қоғамға есеп берудің болмауына әкеп соқтырды. Сайып келгенде, әрбір жаңа даму бағдарламасы алдыңғы бағдарламалардың сыни талдауын есепке алмады, ал алдыңғы бағдарламалардың теріс нәтижелері жаңа әзірлемелер үшін маңызды бастапқы материал ретінде қызмет етпеді.

Жалпы, үкімет мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ауыл шаруашылығын дамыту үшін экономиканың басқа секторларындағыдай командалық-әкімшілік әдістер мен тәсілдерді қолданды. Тіпті олар төмен өнімділікті көрсетсе де, шектеулі мемлекеттік қолдау көрсету үшін үкіметтің өзі басым секторлар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін таңдады. Мұндай қолдау формалары аграрлық сектордағы нарықтық механизмдер мен бәсекелестік процестерді бұрмалайтын құралдарға сүйенді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстанның пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы әлеуеті зор екенін атап өтуге болады, билік ауыл шаруашылығының қарқынды дамуын қолдау үшін қаржылық ресурстарға ие, оны дамытуға басымдық беріледі. Бұл сектор Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық дамуы үшін негізгі тірек ретінде қарастырылады.

Бүгінде Қазақстан өзін әлемде экономикасы қарқынды дамып келе жатқан, табиғи-ресурстық әлеуеті мол, экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ететін агроөнеркәсіптік кешені бар ел ретінде танытты. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экологиялық таза өндірісіне инновациялар мен инвестицияларды ынталандыру, парниктік газдардың ауаға бөлінуін қысқарту, сондай-ақ экологиялық орнықты технологияларды пайдалану мәселелерін қозғайды (Сурет 1).



**Сурет 1.** Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымындағы экологиялық таза өнім өндіру үлесі, %

*Ескерту – автормен (Ұлттық статистика бюросы, 2023) негізінде құрастырылды*

1-ші суреттен ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі экологиялық таза өндіріс үлесі соңғы 5 жылда бірте-бірте азайып келе жатқанын атап өткен жөн. Бұл экономика үшін де, халықтың денсаулығы үшін де ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін алаңдатарлық үрдіс. Экологиялық таза өнім өндіру үлесі 2017 жылы 1,26%-ды құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 0,629%-ға дейін төмендеген.

Экологиялық таза өнімдер үлесінің төмендеуі бірқатар келеңсіз салдарға әкелуі мүмкін. Біріншіден, бұл өндірістік аймақтардағы экологиялық жағдайды нашарлатып, топырақтың, су

ресурстарының және атмосфераның ластануын арттыруы ықтимал. Сонымен қатар, бұл сапасыз өнімдерді тұтынумен байланысты аурулардың өсуіне әкелуі де неғайбыл, бұл өз кезегінде медициналық шығындардың өсуіне әкеледі.

Осылайша, экологиялық таза өнім өндіру үлесінің төмендеуінің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Негізгі себептердің бірі – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде экологиялық стандарттар мен нормалардың толыққанды сақталмауында. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі және өндірушілердің экологиялық хабардарлығының төмен деңгейі де осы процесте рөл атқаруы ықтимал. Жалпы, экологиялық таза өнім өндіру үлесінің төмендеуі мемлекеттен, бизнестен, жалпы қоғамнан назар аударуды және тиімді шараларды қажет ететін үрей туғызатын құбылыс. Бұл неғұрлым қатаң экологиялық нормалар мен стандарттарды әзірлеу және енгізу, экологиялық таза өнім өндіруді ынталандыру және агроөнеркәсіп кешеніне қатысушылардың экологиялық хабардарлығын арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығына инвестициялардың жетіспеушілігі де маңызды мәселе болып табылады. Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетіне қарамастан, осы секторға инвестициялар оның толыққанды дамуы үшін жеткіліксіз болып қалуда. Бұл көптеген ауылшаруашылық кәсіпорындарының қаржылық қиындықтарға тап болуына және қажетті инновациялар мен модернизацияны жүзеге асыра алмауына әкеледі (Тиреуов, 2019).

Қолданыстағы ақша ресурстарының көздерін жан-жақты есепке алу және күрделі салым объектілерін экономика салаларына топтастыру болған жағдайда инвестициялық процесс тиімді болады. Негізгі капиталға инвестиция көлемі тікелей қаржыландыру көлеміне байланысты, бұл инвестициялық көрсеткіштерді бақылауға мүмкіндік береді (Otesheva, 2019). Жоғарыда айтылғандарға сәйкес 1-ші кестеде ресми статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, қаржыландыру көздері бойынша инвестициялардың құрылымын қарастырамыз.

**Кесте 1. Қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар (ауыл, орман, балық шаруашылығы)**


Көрсеткіш	2020		2021		2022		2023	
	мың тенге	үлесі, %	мың тенге	үлесі, %	мың тенге	үлесі, %	мың тенге	үлесі, %
Барлығы	573197296	100	772474664	100	850346200	100	981049914	100
бюджет қаражаты	25765	0,004	6751	0,0008	423194	0,49	902231	0,092
меншікті қаражат	387395888	67,6	545356846	70,6	595507697	70	710849478	72,46
банк несиелері	39041367	6,8	37591030	4,86	43177824	5	36741842	3,74
басқа да қарыз қаражаттар	146734276	25,6	189520037	24,5	211237485	24,84	232556363	23,7

*Ескерту – автормен (Ұлттық статистика бюросы, 2023) негізінде құрастырылды*

Сондай-ақ, капитал салымдарының 70%-дан астамы облыстардың меншікті қаражаты есебінен инвестицияланатыны байқалады, сондай-ақ осы баптың өсу үрдісін көреміз, оның 2023 жылғы үлес салмағы 72,46% құраған.

Екінші орында қаржы қаражатының көлемі бойынша басқа қарыз қаражаттарына тиесілі, олардың шамасы 2023 жылы – 23,7%. Қаржыландыру көздеріндегі елеусіз үлесті несиелік қаражат алады. Айта кетсек, екінші деңгейдегі банктердің осы саланы кредиттеудегі кедергілер де қиындық тудыруда. Оған себеп: тәуекелдің жоғары дәрежесі, саланың ерекшелігіне байланысты АӨК субъектілерінің тұрақсыз қаржылық жағдайлары (Абдулова, Султанова және Бегеева, 2022).

Қаржыландыру көздері арасындағы ең төменгі үлес бюджет қаражатына тиесілі (0,092%). Бұл категорияға республикалық және жергілікті бюджет кіреді. Алайда, аграрлық секторды мемлекеттік қаржыландыру өсу үрдісіне ие екенін атап өткен жөн. Енді 2020-2023 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы бойынша негізгі капиталға салынған инвестицияның құрылымын 2-ші суретте қарастырайық.



**Сурет 2.** Негізгі капиталдағы инвестиция құрылымы, мың тенге

Ескерту – автормен (Ұлттық статистика бюросы, 2023) негізінде құрастырылды

Талданып отырған кезеңдерде жоғарыда аталған салалардың, оның ішінде ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар өсуде, ол 2023 жылы 981049914 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- 72,46% инвесторлардың өз қаражаты есебінен тартылған;
- бюджет қаражаты 1%-дан аз;
- 3,74% банктік несиелер,
- 23,7% басқа қарыз қаражаттарынан тартылған. Оның ішінде осы салаға тартылған сыртқы инвестицияны үлесі 0,06% құрайды.

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіптік кешенге инвестиция салу туралы өзекті сұрақ тұр, бұл ең алдымен, ішкі және шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал ететін инвестициялық климатты жақсарту арқылы шешілуі керек. Бүгінгі таңда аграрлық сектор салалары ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне, атап айтқанда жоғары тәуекелге байланысты инвесторлар үшін тартымды емес.

Ресми мәліметтерге сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестицияның үлесі 2023 жылы (қаңтарда және сәуірде) экономикаға салынған инвестицияның жалпы көлемінен небәрі 3,8%, 2022 жылы 5,6%, 2021 жылы 5,8%, 2020 жылы 4,6% құрады. Яғни, 2020-2023 жылдары ауыл шаруашылығына инвестициялардың үлесі 0,85%-ға төмендеді (Кесте 2). Бұл сандар Қазақстанның аграрлық секторының қазіргі жағдайының күрделілігін және оны дамыту мен жаңғырту үшін қосымша шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.

**Кесте 2. Экономикалық бағыттар бойынша негізгі капиталға инвестициялар**  
(инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі, %)

Негізгі бағыттар	Жылдар			
	2020	2021	2022	2023
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	4,65	5,85	5,6	3,8
Өнеркәсіп	51,57	49,16	48,2	46,1
Құрылыс	0,65	1,18	1,4	1,3
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	1,47	1,89	2,2	2,5
Транспорт және қоймалау	10,42	10,67	10,5	14,6
Тұру және тамақтандыру қызметтерімен қамтамасыз ету	1,17	1,31	0,9	1,0
Ақпарат және байланыс	1,14	0,97	1,2	1,6
Қаржы және сақтандыру қызметі	0,66	0,81	0,8	1,1
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	17,56	19,78	20,3	21,3
Кәсіби, ғылым және техникалық қызмет	0,86	0,53	0,4	0,6
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	1,22	1,22	1,0	0,8
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	0,65	0,55	1,1	0,4
Білім беру	2,45	2,22	2,5	1,8
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	2,48	1,53	1,8	1,9
Өнер, ойын-сауық және демалыс	2,79	1,90	1,7	1,1
Өзге де қызметтер түрлерін көрсету	0,26	0,43	0,5	0,1
<i>Ескерту – автормен (Ұлттық статистика бюросы, 2023) негізінде құрастырылды</i>				

Көбінесе, негізгі капиталға құйылған инвестиция салалары: өнеркәсіп, жылжымайтын мүлікпен операциялар, көлік және қойма шаруашылығы. Күрделі салымдардың жалпы көлемінде ең үлкен үлесті өнеркәсіп алып отыр (негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемінің 2/3). Тау-кен өндіру секторына 2022 жылы шамамен 48%, 2023 жылы 46,1% инвесторлар ресурстарының жіберілді, бұл осы саланы инвестициялық тартымдылықтың сөзсіз көшбасшысы екенін айқындайды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде (2024) Қазақстанда ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция 143,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 27,1%-ға аз. Салаға инвестициялардың нақты көлемінің қысқаруы 31,1%-ға болған (Жанибек, 2024).

Тұтастай алғанда, инвестицияның басым бөлігі өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салалардағы қызмет көрсету салаларына құйылды: бір жыл ішінде құндық мәнде 140,3 млрд теңге. Оның ішінде бір немесе екі жылдық дақылдарды өсіру секторына 67,4 млрд теңге, мал шаруашылығы саласына - 65,2 млрд теңге, аралас ауыл шаруашылығы саласына - 7,2 млрд теңге, көпжылдық дақылдарды өсіру сегментіне - 282,4 млн теңге, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге және жануарларды өсіруге ықпал ететін қызметке, сондай-ақ дақылдарды өңдеу қызметі мен егін жинау-228,5 млн теңге, өсімдіктерді молықтыру секторына-24,1 млн теңге, ал аң аулау, аулау және осы салаларда қызмет көрсету саласына-300 мың теңге салынған (Capital.kz, 2024).

Ауыл шаруашылығы Қазақстанның ұзақ мерзімді тұрақты дамуының, экономиканы әртараптандырудың және өмір сүру деңгейін жақсартудың маңызды өсу көздерінің бірі болып табылады. Елдің кең аумақтары мен маңызды ресурстарының болуына байланысты орасан зор ауыл шаруашылығы әлеуеті бар. Дегенмен, Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі ауыл


шаруашылығының үлесі жоғары емес екенін көрсетті (Кесте 3).

**Кесте 3.** ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі, %

Атауы	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы, %	4,7	5,0	4,8	4,9	5	4,8	5,7	4,1	5,6	4,7
<i>Ескерту – автормен (Ұлттық статистика бюросы, 2023) негізінде құрастырылды</i>										

Жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі 2022 жылға 5,6%, 2023 жылға 4,7% құрады, яғни 16% төмендеді. Соңғы 10 жылда тұрақсыз және ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығы үлесінің төмендеуі көрініс тапқан.

Ауыл шаруашылығы оны үнемі тұрақты қаржыландыруды қажет етеді, өйткені үздіксіз жұмыс істейтін өндірістік циклдің шамалы бұзылуы төмен рентабельділікке немесе тіпті шығынды жағдайға әкелуі мүмкін. Бұл саланың тәуекелі жоғары екендігін негізге ала отырып, бұл тәуекел дәрежесін төмендету мәселелерін шешуді мемлекет өзі қабылдауы керек, өйткені ауыл шаруашылығы өндірісін реттеуде көп жылдық тәжірибесі бар мемлекет. Мемлекеттік қолдаудың күштілігіне қарамастан, аграрлық сектор баяу өсуде және тиімсіз, сонымен бірге бәсекеге қабілетсіз болып қалуда. Барлық елеулі артықшылықтар мен әлеуеттік артықшылықтарға қарамастан, бүгінде елдегі ауыл шаруашылығы өте баяу дамып келеді. Мұны басқа мемлекеттердің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесімен салыстыра да байқай аламыз (Сурет 3).



**Сурет 3.** 2023 жылғы әртүрлі елдердің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі

*Ескерту – автормен (Ұлттық статистика бюросы, 2023) негізінде құрастырылды*

Көріп отырғанымыздай, 2023 жылдың соңында Қазақстанның ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі небәрі 4.7% құрады. Сонымен қатар, көрші елдерде бұл көрсеткіш Қазақстанға қарағанда бірнеше есе жоғары тұр (Сурет 3).

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан қаржылық қолдаудың шектеулілігіне байланысты ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өз міндеттерін іске асыру үшін өздерінің меншік қаржыландыру көздерін іздеуі тиіс.

«Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға кедергі келтіретін мәселелер баршаға аян. Соның ең өзектісі – саланың ұзақ жеткілікті қаржыландырылмауы», – деп атап көрсетті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Оның айтуынша, инвестициялардың жетіспеушілігі ауыл шаруашылығы техникасының тозуына, өнімділіктің төмендігіне, еңбек өнімділігінің құлдырауына әкеледі. Сондықтан, максималді мүмкін болса - екі есе, ауыл шаруашылығын қаржыландыруды ұлғайту керек. Бұл ретте бюджет ақшасын ғана емес, басқа көздерден, соның ішінде екінші деңгейлі банктерден де қаражат тарту қажет.

«Егін және егін жинау жұмыстарына жеңілдікпен несиелендіру көлемін 1,5 триллион теңгеге, инвестициялық жобаларды 800 миллиард теңгеге дейін арттыру қажет. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингінің көлемін жыл сайын 450 миллиард теңгеге дейін арттыру қажет. Бұл ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту көрсеткішін жылына 10 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Есептеулер бойынша, осы шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін екі есеге арттыруға ықпал етеді», - деді мемлекет басшысы (Қурманова, 2024).

Осындай жағдай «Жасыл» экономика мен ауыл шаруашылығының қоршаған ортаны қорғау мақсаттарына бағытталған инвестициялар бойынша да қалыптасты. 2022 жылы қоршаған ортаны қорғау мақсаттарына 9552 мың теңге бағытталғанына және бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 9,75 есе жоғары екеніне қарамастан, оның үлес салмағы инвестициялардың жалпы сомасының небәрі 0,006% құрады (Сурет 4). Ал, бұл көрсеткіш өнеркәсіпте 2022 жылы 87,7%, құрылыста қоршаған ортаны қорғауға инвестициялардың жалпы сомасының 6,2% құрады.



**Сурет 4.** Ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны қорғауға инвестициялар, мың теңге  
Ескерту – авторлармен (Ұлттық статистика бюросы, 2022) негізінде құрастырылды

Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған күрделі инвестициялар 2023 жылы Қазақстанда 173,5 млрд теңгеге жетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,4 есе көп. Өңірлік бөліністе Ақмола облысына ең көп қаражат жұмсалды: бір жыл бұрынғы 9,1 млрд теңгеге қарағанда 113 млрд теңге. Құндық мәндегі жылдық өсу-бірден 12,4 есе. Көшбасшы өңірлердің үштігінде Атырау (30,1 млрд теңге, плюс 40,4%) және Түркістан (10,7 млрд теңге, жылдық өсім-3,1 есе) облыстары да болды. Ақтөбе облысындағы секторға ең аз қаражат салынды: барлығы 3,5 млн теңге (салыстыру үшін: бір жыл бұрын 2,6 млрд теңге болған) (Ranking.kz, 2023).


Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, агросекторды қолдау құралдары жүйесі мемлекет тарапынан белгілі бір деңгейде дамытылғанымен, оның тиімділігі мен қолжетімділігі әлі де толыққанды талаптарға сай емес. Қазіргі қолдау тетіктеріне субсидиялар, жеңілдетілген несиелеу, салықтық жеңілдіктер және инфрақұрылымдық жобалар жатады. Алайда бұл құралдардың аймақтық теңсіздікпен қолданылуы, қаржыландыруға қол жеткізудің қиындығы, нормативтік-құқықтық тұрақсыздық пен фермерлердің қаржылық сауаттылығының төмендігі – жүйенің басты әлсіз тұстары ретінде көрініс табады (Adilet.zan.kz, 2018).

Ауыл шаруашылығы – кез келген елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығының негізі. Дамыған және дамушы елдерде агросекторды қолдаудың түрлі тетіктері қолданылады. ЕО елдері агросекторды қолдаудың ең дамыған жүйесіне ие. Бұл қолдау *Common Agricultural Policy (CAP)* – Ортақ ауыл шаруашылық саясаты арқылы жүзеге асырылады. CAP шеңберінде фермерлерге тікелей субсидиялар беріледі, ауылдық аймақтарды

дамытуға арналған құрылымдық қорлар жұмыс істейді, экологиялық стандарттарға сай өндіріс ынталандырылады (European Commission, 2022). Мысалы, Францияда фермерлерге берілетін субсидиялар ауыл шаруашылық табысының 50%-ына дейін жетеді. Сонымен қатар, экологиялық таза өнім өндіруге арналған «жасыл» субсидиялар енгізілген (OECD, 2023). Шетелдік тәжірибе агросаланы дамытудың инновациялық жолдарын ұсынып, Қазақстан үшін тиімді модельдерді енгізуге бағыт береді (Nysanbayev, 2023). Осылайша, шетелдік тәжірибеге шолу көрсеткендей, агросекторды қолдауда ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау, инновациялық технологияларды енгізу және цифрлық трансформация маңызды орын алады. Осыған байланысты Қазақстанда аграрлық саясатты жетілдіру үшін кешенді тәсіл, басқару мен қаржыландырудың икемді және транспарентті механизмдерін қалыптастыру қажет.

Сонымен қатар, агробизнес өкілдері мен мемлекет арасындағы сенімді серіктестік орнату, аграрлық ғылым мен білімді дамыту, кадрлық әлеуетті нығайту – агросектордың орнықты дамуын қамтамасыз етудің негізгі шарттары болып табылады. Демек, аграрлық саланы қолдау құралдарын тиімді реформалау – елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығының кепілі.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейі азаматтардың әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміне астық дақылдары да үлкен үлесін қосады, бұл өз елімізді қамтамасыз етіп қана қоймай, өнімнің бір бөлігін экспорттауға мүмкіндік береді. Төменде 5-суретте дәнді және бұршақ дақылдарын жинау туралы деректер келтірілген.



**Сурет 5.** 2014-2024 жылдар кезеңінде ҚР-да дәнді және бұршақты дақылдарды жалпы жинау, мың тонна

*Ескерту – автормен (Ұлттық статистика бюросы, 2024) негізінде құрастырылды*

Статистика деректері 2014-2016 жылдар кезеңінде қарастырылды және 2014 жылға қарағанда кейінгі уақыттарда 20%-ға тұрақты өскенін көрсетеді (Сурет 5). Тренд 2017 жылы аздап өзгеріп, 2019 жылға дейін сақталды, онда 17,43 миллион тоннаға дейін айтарлықтай төмендеу байқалды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 14%-ға аз болды. 2020 жылы өндіріс көлемі 20,07 млн тоннаға дейін ұлғайып, 2019 жылмен салыстырғанда 15% - ға өсті, алайда 2021 жылы 16,38 млн тоннаға дейін айтарлықтай құлдырау тіркелді. 2022 жылы алым 22,03 миллион тоннаға дейін артады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 35% - ға өсті. 2023 жылы көлем қайтадан 17,10 миллион тоннаға дейін төмендейді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 22% - ға аз. 2024 жылы өнім 25,20 миллион тоннаны құрайды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 47% - ға көп.

Жоғарыда баяндалған егін жинауды талдау нәтижелері (2014-2024 жылдар) ауыл шаруашылығының тұрақсыздығын, болжамсыздығын және әртүрлі факторларға тәуелділігін көрсетеді, ал бұл өз кезегінде инновациялық технологияларды жеткілікті деңгейде қолдану қажеттілігін растайды. Өйткені, жанашыл заманауи технологияларды, техниканы қолдану ресурстарды тиімді басқару, шығындарды азайту және саладағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін процестерді дәлірек бақылауға, болжауға және басқаруға көмектеседі.

Экономиканың аграрлық секторына цифрлық технологияларды енгізу Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған

тұжырымдамасында көрініс тапқан. Онда Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге жұмсалатын шығындардың тұрақтылығын және қысқаруын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылатын, АӨК дамытудың негізгі проблемалары атап өтілді, мысалы:

- ауылдық жерлерде мобильді байланыс және интернет желісінің әлсіздігі мен тұрақсыздығы;

- білімнің жетіспеушілігі және цифрлық шешімдерді қолдану бойынша дағдылардың болмауы;

- ауыл шаруашылығы мен IT-шешімдердің түйіскен жерінде мамандардың болмауы (Adilet.zan.kz, 2024).

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы аграрлық компаниялардың шамамен 30% пайызы ғана цифрлық технологияларды қолданады, бұл 2024 жылдың басында 6406 қазақстандық елді мекеннің 116 қала мен 4866 ауылды (78%) интернет-қосылымға тұрақты қолжетімділікпен қамтамасыз етілгендігімен байланысты болуы мүмкін, бұл өз кезегінде цифрлық технологияларды салада пайдалануды шектейді.

Цифрлық құралдарды қолдану аясын кеңейту үшін пилоттық шаруашылықтарда «дәл» егіншілік элементтерін енгізу тәжірибесінде айтылады. Мұндай тәжірибенің нәтижелері фермерлердің шығындарының 20%-ға дейін төмендегенін көрсетеді, ал астық өнімділігінің, мысалы, әр гектарына 25 центнерге дейін өсуі ықтимал. Жасанды интеллект жүйелерін жерсеріктен түсірілген талдау арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарының жай-күйін бақылау және бағалауда қолданудың арқасында өндеуге арналған операциялық шығындарды 35%-ға дейін қысқартып қана қоймай, егін жинаушылық көлемін 50%-ға және өнімділікті 25%-ға арттыруға болады (Trimble ресми сайты, 2025). Цифрландыру ауыл шаруашылығының жаңа аспектілерін қамтуда, бұл агросектор кәсіпорындарының өнімділігін арттыруға қосымша мүмкіндіктер туғызады.

2025 жылға қарай мемлекеттік реттеу шаралары агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін 2,5 есеге және өнім экспортын екі есеге арттыруға мүмкіндік береді, оның кемінде 70%-ы қайта өңделуі тиіс. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 1,3 есеге артады деп болжайды (Жумаксанова, Есенжигитова және Дүйскенова, 2022).

Біздің зертеу нәтижелерінен пайымдауымызша, ауыл шаруашылығындағы нарықтық қатынастарды бұрмалайтын тиімсіз мемлекеттік қолдауды қысқарту және қайта бағыттау қажеттілігі бар. Мемлекеттік қолдаудың қуаттылығына қарамастан, аграрлық сала тиімсіз қалыпта. Ол басқа мемлекеттердің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесімен салыстыра анықталды. Үкімет кәсіпкерлікке, жеке инвестицияларға, бизнестің динамизміне ықпал ететін бизнес ортасын құруға назар аударуы керек, сол кезде тиімсіз бизнес тез арада тиімді бизнеспен ауыстырыла алады. Жылдам қайтаруға бағытталған ең маңызды қолданбалы әзірлемелер мен іргелі жетістіктер мемлекеттік қолдау көрсету кезінде басымдыққа айналуы тиіс.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Осылайша, Қазақстанда агросекторды қаржыландыру әзірленген Ұлттық жобалар шеңберінде жүзеге асырылады, бұл бизнеске кешенді мемлекеттік қолдау жүйелі әрі тиімді болуы қажет. Бұл зерттеу барысында келесі негізгі тұжырымдар жасалды:

1) Агросекторды дамытуда мемлекеттік бағдарламалар маңызды рөл атқарады, бірақ олардың іске асырылуында белгілі бір кемшіліктер бар.

2) Ауыл шаруашылығы саласында технологиялық жаңғырту баяу жүріп жатыр, бұл өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікке әсер етеді.

3) Қаржыландыру және субсидиялау жүйесін жетілдіру қажеттілігі бар, әсіресе шағын және орта фермерлік шаруашылықтарды қолдау тұрғысынан.

4) Агроөнеркәсіп кешенінде инфрақұрылымдық даму мен логистикалық тізбекті жақсарту маңызды фактор болып табылады.

5) Экспорттық нарықтарға шығу мүмкіндіктерін кеңейту үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру қажет.

Осыған байланысты келесі ұсыныстар беріледі:

– мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру – ауыл шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру, олардың мақсатты түрде іске асуын бақылау жүйесін жақсарту;

– агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру – жаңа технологияларды енгізу арқылы өндіріс тиімділігін арттыру, агробизнестің цифрлық трансформациясын ынталандыру;

– қаржылық механизмдерді дамыту – шағын және орта шаруашылықтар үшін жеңілдетілген несиелер мен субсидияларды кеңейту;

– инфрақұрылымды жақсарту – ауылдық жерлерде заманауи сақтау қоймаларын, көлік-логистикалық орталықтарды дамыту арқылы өнімдердің нарыққа шығуын жеңілдету;

– экспорттық саясатты дамыту – Қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін стандарттау және сертификаттау жүйесін жетілдіру.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстанның аграрлық секторын қолдауға бағытталған мемлекеттік шараларды жетілдіруге үлес қосады. Ұсыныстарды іске асыру ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуына және экономиканың серпінді өсуіне ықпал етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Omarkhanova, Z., Niyazbekova, Sh., Varzin, V., Kerimkhulle, S., & Nurekenova, E. (2022). Financial provision of the agro-industrial complex of Kazakhstan: Problems and solutions. *Sustainable Agriculture*, 27–32. [https://doi.org/10.1007/978-981-19-1125-5\\_4](https://doi.org/10.1007/978-981-19-1125-5_4)
- Otesheva, A. K., Zhumagalieva, B. Z., & Akhmetova, G. T. (2019). The agro-industrial complex development trend of the Republic of Kazakhstan. *Problems of AgriMarket*, (2), 34–40.
- OECD. (2023). *Agricultural policy monitoring and evaluation 2023: OECD countries and emerging economies*. OECD Publishing. <https://www.oecd.org/publications/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2023-6a6d276c-en.htm>
- European Commission. (2022). *The Common Agricultural Policy at a glance*. Retrieved from <https://ec.europa.eu/info/food-farming-fisheries/key-policies/common-agricultural-policy>
- Абдулова, Т. Г., Султанова, З. Х., & Бегеева, М. К. (2022). Банковское кредитование сельскохозяйственных предприятий Казахстана: современное состояние и проблемы. *Проблемы агрорынка*, 1(1), 75–82. <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.08> // Abdulova, T. G., Sultanova, Z. Kh., & Begeeva, M. K. (2022). Bankovskoe kreditovanie sel'skokhozyaistvennykh predpriyatii Kazakhstana: sovremennoe sostoyanie i problemy. *Problemy agrorynka*, 1(1), 75–82. <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.08>
- Adilet.zan.kz. (2024). Концепция развития агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2021–2030 годы. Электронный ресурс. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960#z253> // Adilet.zan.kz. (2024). Konsepsia razvitiia agropromyshlennogo kompleksa v Respublike Kazahstan na 2021–2030 gody. Elektronnyi resurs.
- Беспалый, С. В. (2020). Государственная поддержка развития и интеграции аграрного бизнеса Казахстана и России. Электронный ресурс. [http://rectors.altstu.ru/ru/periodical/archiv/2020/2/articles/1\\_1.pdf](http://rectors.altstu.ru/ru/periodical/archiv/2020/2/articles/1_1.pdf) <https://doi.org/10.25712/ASTU.2410-485X.2020.02.001> // Bespalyi, S. V. (2020). Gosudarstvennaya podderzhka razvitiya i integratsii agrarnogo biznesa Kazakhstana i Rossii. Elektronnyi resurs. <https://doi.org/10.25712/ASTU.2410-485X.2020.02.001>
- Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. (2023). <http://stat.gov.kz> // Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniu i reformam Respubliki Kazakhstan. (2023). <http://stat.gov.kz>
- Жанибек, А. (2024). Инвестиции в АПК Казахстана сократились на треть в 2024 году. Электронный ресурс. <https://forbes.kz/articles/investitsii-v-apk-kazahstana-sokratilis-na-tret-v-2024-godu-55e48a> // Zhanibek, A. (2024). Investitsii v APK Kazakhstana sokratilis' na tret' v 2024 godu. Elektronnyi resurs.

- Жумаксанова К. М., Есенжигитова, Р. Г., & Дүйскенова, Р. Ж. (2022). Қазақстанның аграрлық секторын мемлекеттік қолдаудың өзекті мәселелері. Аграрлық нарық проблемалары, (4), 34–42. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.03> // Zhumaksanova, K. M., Esenzhigitova, R. G., & Duiskenova, R. Zh. (2022). Qazaqstannıń agrarlıq sektoryn memlekettik qoldaudıń ózekti máselleri. Agrarlıq naryq problemalary, (4), 34–42.
- Касимбекова, М. А., Баймагамбетова, З. А., & Матайбаева, Г. Ж. (2022). Зарубежный опыт государственного регулирования агропромышленного комплекса. Экономическая серия вестника ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, (4), 143–151. <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-4-143-151> // Kasimbekova, M. A., Baimagambetova, Z. A., & Mataibaeva, G. Zh. (2022). Zarubezhnyi opyt gosudarstvennogo regulirovaniia agropromyshlennogo kompleksa. Ekonomicheskaiia seriia vestnika ENU imeni L. N. Gumileva, (4), 143–151.
- Капитал.kz. (2024). На какие регионы пришелся наибольший объем капвложений? Электронный ресурс. <https://kapital.kz/economic/126160/investitsii-v-apk-sokratilis-na-tret.html> // Kapital.kz. (2024). Na kakie regiony prishelsia naibol'shii ob'em kapvlozhenii? Elektronnyi resurs.
- Курманова, А. (2024). Что сдерживает развитие агропромышленного комплекса. Электронный ресурс. <https://kapital.kz/gosudarstvo/122994/chto-sderzhivayet-razvitiye-agropromyshlennogo-kompleksa.html> // Kurmanova, A. (2024). Chto sderzhivaet razvitie agropromyshlennogo kompleksa. Elektronnyi resurs.
- Nysanbayev, A. (2023). *Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау: халықаралық тәжірибе мен Қазақстан жағдайы*. Almaty: Institute of Economics. // Nysanbayev, A. (2023). *Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау: халықаралық тәжірибе мен Қазақстан жағдайы*. Almaty: Institute of Economics.
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі. (2020). <http://mgov.kz> // Qazaqstan Respublikasy Auyl sharuashylygy ministrliги (2020). <http://mgov.kz>
- Тиреуов, К. М., & Рахимжанова, Г. М. (2019). Тенденции развития аграрного сектора Республики Казахстан в условиях модернизации экономики. Проблемы агросырьев, (3), 27–34. // Tireuov, K. M., & Rakhimzhanova, G. M. (2019). Tendentsii razvitiia agrarnogo sektora Respubliki Kazakhstan v usloviakh modernizatsii ekonomiki. Problemy agrosyryev, (3), 27–34.
- Ranking.kz. (2023). Инвестиции, направленные на охрану окружающей среды. Электронный ресурс. <https://ranking.kz/digest/industries-digest/investitsii-napravlennye-na-okhranu-okruzhayuschey-sredy-dostalis-ne-vsem-regionam-rk.html> // Ranking.kz. (2023). Investitsii, napravlennye na okhranu okruzhaiushchei sredy. Elektronnyi resurs.
- Trimble ресми сайты. (2025) Электрондық ресурс (кіру күні: 21.01.2025) URL: <https://ru.ptxtrimble.com/> // Trimble resmi saity. (2025) Elektrondyq resurs (kiru kunı: 21.01.2025) URL: <https://ru.ptxtrimble.com>

#### Автор туралы мәліметтер

**Сырымбек Маржан** – экономика ғылымдарының магистрі, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: [marjan\\_03@mail.ru](mailto:marjan_03@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0099-8089>

#### Сведение об авторе

**Сырымбек Маржан** – магистр экономических наук, Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск, Казахстан, E-mail: [marjan\\_03@mail.ru](mailto:marjan_03@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0099-8089>

#### Information about the author

**Syrymbek Marzhan** – Master of Economics, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: [marjan\\_03@mail.ru](mailto:marjan_03@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0099-8089>